

2013-2014 оқу жылына жоғары оқу орындарының Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарды және шетел азаматтарын оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 16 тамыздағы № 345 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 17 қыркүйекте № 8714 тіркелді

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2013-2014 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 20 мамырдағы № 500 қаулысын іске асыру мақсатында
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қосымшаға сәйкес 2013-2014 оқу жылына жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарды және шетел азаматтарын оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырыс
о р н а л а с т ы р ы л с ы н .

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Ф.Н. Жақыпова):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткен соң осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында
ж а р и я л а с ы н ;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсына
о р н а л а с т ы р с ы н .

3. Қаржы және инвестициялық жобалар департаменті (Т.А. Нұрғожаева) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қабылданған дайындық бөлімдері тындаушыларының контингентіне сәйкес жоғары оқу орындарын қаржыландыруды
ж ү з е г е а с ы р с ы н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

М и н и с т р д і н

міндетін атқарушы

М. Орынханов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң м . а .

2013 жылғы 16 тамыздағы

№ 345 бұйрығына қосымша

2013-2014 оқу жылына жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарды және шетел азаматтарын оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

№	Жоғары оқу орнының атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырмасының көлемі (орын)
Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдары		
1	әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	100
2	Х.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	200
3	С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті	140
4	Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті	140
5	Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті	70
6	М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті	150
7	М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	250
8	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	50
9	Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты	150
10	Сырдария Университеті	150
	Барлығы	1400
Ауғанстан Ислам Республикасының азаматтары		
11	әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	180
Тәжікстан Республикасының азаматтары		
12	Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті	100
Қытай Халық Республикасының азаматтары		
13	Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті	100
Түрік Республикасының және басқа түркітілдес республикалардың азаматтары		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК